



БҰЙРЫҚ
07.09.2023 жыл

ПРИКАЗ
№145

**Білім алушылардың өмір қауіпсіздігін
қамтамасыз ету туралы**

Мектеп бойынша білім алушылардың тұрмыстық, лабораториялық және спорттық сабақтар кезіндегі өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Көркем еңбек сабағындағы білім алушылардың шеберхана құралдарымен жұмыс жасау уақытындағы қауіпсіздіктерін бақылау пән мұғалімдері З.Жантенова мен А.Иманғалиеваға міндеттелсін.

2. Дене шынықтыру сабағында пән мұғалімдері Н.Байменов, Н.Тобышбаев, Г.Кереева, А.Өтеген және дене тәрбиесі пәні нұсқаушысы Д.Егізбаев білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын үнемі бақылау міндеттелсін.

3. Химия сабағындағы лабораториялық жұмыстарда қауіпсіздік ережелері сақтау мен бақылау жауапкершілігі химия пәні мұғалімдері Л.Куанишова мен Т.Утеғалиеваға жүктелсін.


4. Физика сабағындағы лабораториялық жұмыстарда қауіпсіздік ережелерін сақтау мен бақылау жауапкершілігі физика пәні мұғалімдері К.Садгулова мен И.Рахметоваға міндеттелсін.

5. Биология сабағындағы жүргізілетін лабораториялық жұмыстарда қауіпсіздік ережелерін сақтау мен бақылау жауапкершілігі биология пәні мұғалімдері А.Санатова мен Г.Кисимоваға міндеттелсін.

6. Білім беру мен сабақ үдерісінде білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қатаң түрде сақтау, білім алушыларға қауіпсіздік ережелерін үнемі ескертіп отыру пән мұғалімдеріне тапсырылады.


7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметоваға жүктелсін.

Бұйрықпен таныстым:


З.Жантенова 


А.Иманғалиева 


Н.Байменов 


Н.Тобышбаев 

Р.Сагиндикова 


Л.Куанишова 


Т.Утеғалиева 

К.Садгулова 

А.Санатова 

Г.Кисимова 

А.Өтеген 

И.Рахметова 

Мектеп директоры



А.Султанова



БҰЙРЫҚ

05.09.2023 жыл

ПРИКАЗ

№135

**Мектеп бойынша құқық
бұзушылықтың алдын алу
алқасы кеңесін құру туралы**

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңын басшылыққа ала отырып,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Жалпы орта білім беретін ұйымдарда құқық бұзушылықтың алдын алу негізінде мектепте төмендегі құрамда алқалық кеңес құрылсын:

- 1) А.Султанова – мектеп директоры – комиссия төрайымы
- 2) Н.Хидуллина – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
- 3) Г.Шаяхметова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- 4) С.Турланова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- 5) Г.Кузенбаева – педагог-ұйымдастырушы
- 6) Р.Кошкарлова – мектеп инспекторы
- 7) А.Жамбырова – сынып жетекші
- 8) С.Арыстанова - ата-аналар комитетінің төрайымы
- 9) С. Махмутова - мектеп психологы.

2. Алқа құрамына ай сайын кезекті отырысын өткізу, себепсіз сабақ жіберетін, тәртіп бұзған оқушылардың мәселесін қарап отыру жүктелсін.

3. Білім алушылардың түнгі мезгілде компьютерлік ойынханаларды жүрмеуін қатаң қадағалау тәрбие ісі орынбасарлары С.Турланова, Г.Шаяхметова және мектеп психологтары С.Махмутова мен А.Исмағұловаға міндеттелсін.

4. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» білім беру мекемелерімен полиция органдарында профилактикалық есепте тұрған жасөспірімдерді бақылау және жаңа оқу жылы қарсаңында білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шараларды атқару мектептің педагог ұйымдастырушысы Г.Кузенбаева мен әлеуметтік педагог З.Калиеваға міндеттелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметоваға жүктеледі.

Бұйрықпен таныстым: Н.Хидуллина

Г.Шаяхметова

С.Турланова

Г.Кузенбаева

Р.Кошкарлова

А.Жамбырова

С.Махмутова

С.Арыстанлова

Мектеп директоры

А.А.Султанова

000135



БҰЙРЫҚ

05.09.2023 жыл

ПРИКАЗ

№134

**Көшеде техникалық қауіпсіздік
ережелерін сақтау, табиғи
апаттардың алдын алу туралы**

Балалардың көшеде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауын, табиғи апаттардан, жарақаттануы мен жол-көлік апаттарының алдын алу мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:


1. Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу, көшеде дұрыс мінез-құлыққа үйрету мен бақылау мен қадағалау негізінде төмендегі құрамда штаб құрылсын:


- 1) А.Султанова – штаб төрайымы
- 2) Н.Хидуллина – орынбасары
- 3) Г.Шаяхметова – мүше
- 4) С.Турланова – мүше
- 5) А.Муратова – мүше


2. Штабтың ІД Жол полициясы бөлімшесімен бірлескен жұмыс жоспарын жасақтау С.Турлановаға жүктелсін.


3. Мектеп бойынша «Жас жол инспекторы» тобын құрып, жұмыс жоспарын бекіту А.Муратоваға міндеттелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Н.Хидуллинаға міндеттелсін.

Бұйрықпен таныстым: Н.Хидуллина 

Г.Шаяхметова 

С.Турланова 

А.Муратова 

Мектеп директоры



А.А.Султанова

000134



БҰЙРЫҚ

05.09.2023 жыл

ПРИКАЗ

№134

**Көшеде техникалық қауіпсіздік
ережелерін сақтау, табиғи
апаттардың алдын алу туралы**

Балалардың көшеде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауын, табиғи апаттардан, жарақаттануы мен жол-көлік апаттарының алдын алу мақсатында,
БҰЙЫРАМЫН:





1. Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу, көшеде дұрыс мінез-құлыққа үйрету мен бақылау мен қадағалау негізінде төмендегі құрамда штаб құрылсын:

- 1) А.Султанова – штаб төрайымы
- 2) Н.Хидуллина – орынбасары
- 3) Г.Шаяхметова – мүше
- 4) С.Турланова – мүше
- 5) А.Муратова – мүше

2. Штабтың ІД Жол полициясы бөлімшесімен бірлескен жұмыс жоспарын жасақтау С.Турлановаға жүктелсін.

3. Мектеп бойынша «Жас жол инспекторы» тобын құрып, жұмыс жоспарын бекіту А.Муратоваға міндеттелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Н.Хидуллинаға міндеттелсін.

Бұйрықпен таныстым: Н.Хидуллина 
Г.Шаяхметова 
С.Турланова 
А.Муратова 

Мектеп директоры



А.А.Султанова

000134



БҰЙРЫҚ

06.09.2023 жыл

ПРИКАЗ

№140

**Бейнежазбаны зерделеуге
жауапты тұлға тағайындау туралы**

Мектептегі бейнежазбаны зерделеу, мектеп қызметкерлері мен білім алушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте орналасқан сыртқы 16 және іштегі 28 дана бейне-бақылау камераларының жазба жұмыстарын жүйелі зерделеу, техникалық қадағалау мамандарымен бейне камералардың сапалы қызметін бақылау жасауға байланыс орнату, уақытылы жұмыс жасап тұруын қадағалау үшін жауапты тұлға болып директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметова мен директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Р.Бердалина тағайындалсын.

2. Бейнежазбаны зерделеу және мектеп қызметкерлері мен білім алушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында орнатылған бейне-бақылау камераларының (44 дана) алдыңғы сақталған жазбасын қарау мен қадағалау жауапкершілігі мектеп хатшысы А.Муратова жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды білім беру ұйымының бірінші басшысы ретінде өзіме қалдырамын.

Бұйрықпен таныстым:

Г.Шаяхметова-директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Mad

Р.Бердалина-директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары _____

А.Муратова- мектеп хатшысы Muz

Мектеп директоры



А.А.Султанова



БҰЙРЫҚ

04.09.2023 жыл

ПРИКАЗ

№122

**Мектептегі білім алушылардың ішкі
және сыртқы тәртібіне жауапты маман
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Білім туралы заңына сәйкес мектеп білім алушылардың өмірінің қауіпсіздігіне қауіп тудыратын төтенше жағдайлардың алдын алу, өмір қауіпсіздігін сақтау, ішкі және сыртқы тәртіпті қадағалау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептегі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, ішкі тәртіп ережесін қадағалау жұмыстарын ұйымдастыру, ішкі және сыртқы тәртіпті бақылау бойынша жауапты тұлға болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Шаяхметоваға мен С.Турлановаға және директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Бердалина тағайындалсын.

2. Мектепшілік кезекшілікті уақытында, талапқа сай атқару кезекші мұғалімдердің жауапкершілігіне қатаң жүктелсін, қадағалау жауапты тұлғаларға жүктелсін.


3. Білім беру ұйымында сабақ уақыты кезеңінде мектеп ғимаратына бөгде адамдарға кіруге тыйым салынсын.


4. Әрбір кезекші мұғалімге кезекшілік журналына кезекшіліктің қорытындысы туралы жазу міндеттелсін.


5. Білім алушылардың тәртібін, тазалығын, сабаққа қатысын қадағалау, үйлерін аралау, ата-аналармен тығыз байланыс жасау жауапкершілігі әр сынып жетекшісіне қатаң жүктелсін. /ҚР Білім Туралы Заңының 51-бабы 3 тармағы 8-тармақшасы негізінде/.


6. Сабақ кезінде білім алушыларды сабақтан шығарып жіберуге қатаң тыйым салынсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Хидуллина мен оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметоваға жүктелсін.

Бұйрықпен таныстым: Г.Шаяхметова 

С.Турланова 

Р.Бердалина 

Н.Хидуллина 

Мектеп директоры



А.А.Султанова

000122



БҰЙРЫҚ

04.09.2023 жыл

ПРИКАЗ

№122

Мектептегі білім алушылардың ішкі және сыртқы тәртібіне жауапты маман тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Білім туралы заңына сәйкес мектеп білім алушылардың өмірінің қауіпсіздігіне қауіп тудыратын төтенше жағдайлардың алдын алу, өмір қауіпсіздігін сақтау, ішкі және сыртқы тәртіпті қадағалау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептегі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, ішкі тәртіп ережесін қадағалау жұмыстарын ұйымдастыру, ішкі және сыртқы тәртіпті бақылау бойынша жауапты тұлға болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Шаяхметоваға мен С.Турлановаға және директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Бердалина тағайындалсын.

2. Мектепшілік кезекшілікті уақытында, талапқа сай атқару кезекші мұғалімдердің жауапкершілігіне қатаң жүктелсін, қадағалау жауапты тұлғаларға жүктелсін.





3. Білім беру ұйымында сабақ уақыты кезеңінде мектеп ғимаратына бөгде адамдарға кіруге тыйым салынсын.

4. Әрбір кезекші мұғалімге кезекшілік журналына кезекшіліктің қорытындысы туралы жазу міндеттелсін.


5. Білім алушылардың тәртібін, тазалығын, сабаққа қатысын қадағалау, үйлерін аралау, ата-аналармен тығыз байланыс жасау жауапкершілігі әр сынып жетекшісіне қатаң жүктелсін. /ҚР Білім Туралы Заңының 51-бабы 3 тармағы 8-тармақшасы негізінде/.

6. Сабақ кезінде білім алушыларды сабақтан шығарып жіберуге қатаң тыйым салынсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Хидуллина мен оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметоваға жүктелсін.

Бұйрықпен таныстым: Г.Шаяхметова 
С.Турланова 
Р.Бердалина 
Н.Хидуллина 

Мектеп директоры



А.А.Султанова
000122

Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі

**«Балалардың жолда жүру қауіпсіздігі»
(кездесу)**

2023 оқу жылы

Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде өткізілген кездесудің

Хаттамасы

Атырау қаласы, 08 қыркүйек 2023ж

Өткізілген орны: Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі, физика кабинеті

Қатысушылар: 7-8 сыныптар

Мектеп медбикесі А.Нугурова, Атырау ҚПБ ЖПҚ ЮПТ УПК полиция капитандары Н.М.Габбасова және А.Абдуллақызы, мектеп психологтары Исмагулова Айгүл, Махмутова Самал, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тұрланова Сәулеш, педагог ұйымдастырушы Гүльмира Кузенбаева, тәлімгер Аружан Мұратова

Қатысушылар саны: 81

Тақырыбы: «Балалардың жолда жүру қауіпсіздігі»

Жиналыстың мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жаяу жүргіншілер мен автотік жүргізушілерінің жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол белгілерін ажырата білуге үйрету.

Күн тәртібі

1. «Балалардың жолда жүру қауіпсіздігі»

Тыңдалды:

1.С.Тұрланова-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жол – ең алдымен, балалар үшін аса қауіпті аймақ. Сырт көзге көлік жүргізу оңай болғанымен, жол ережелері өте көп. Оны біліп, сақтау әрбір жүргізуші үшін де, жаяу жүргінші үшін де – міндет! Бұл іс-шаралар балалардың жол ережесі туралы білімін кеңейтуге, жол белгілерін ажырата білуге, жол ережесін қатаң сақтауға үйрету, жүргізушілерге жол ережесін бұзбауды, балалардың өмірін сақтауды, жол апаттарын болдырмау мақсатында өткізіліп отыр. Осындай жедел алдын алу іс-шараларының өткізілуі нәтижесінде жол жүру ережелерін бұзатын көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілер азаяды деген сенімдеміз. Жаңа оқу жылы басталысымен мектебімізде жол қауіпсіздігін сақтауға байланысты сынып сағаттары өткізілуде. Осыған орай мектеп медбикесі А.Нугурова, Атырау ҚПБ ЖПҚ ЮПТ УПК полиция капитандары Н.М.Габбасова және А.Абдуллақызы «Балалардың жолда жүру қауіпсіздігі» тақырыбында насихат жұмыстарын жүргізді. Жол тәртібін сақтау ережелерін түсіндіру шаралары мектебімізде жыл бойына атқарылады.

2. Атырау ҚПБ ЖПҚ ЮПТ УПК полиция капитандары Н.М.Габбасова және А.Абдуллақызы оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, ережелерді есте сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында кездесу шарасы өткізілді. Кездесу барысында жол қиылыстарында ережені сақтамаудың салдары апатты жағдайлар әкелетіндігі айтылып, жол жүру ережелерінің маңыздылығы туралы тоқтала кетті.

Кездесуде оқушылар көше туралы, ондағы қозғалыс, жолда жүру ережесін есте сақтауға, жол белгілерін түрлері, оны білу не үшін қажет екендігі, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін туралы толықтай мағлұмат алды. Сонымен қатар **Жолда жүру ережесі** туралы айтылды.

1. Машина жүретін жолда ойнауға болмайды.
2. Көлік жүретін жолмен жүруге болмайды.
3. Көшенің қиылысындағы бағдаршамның қызылы жанғанда жолдан өтуге болмайды.
4. Көшенің кез келген жерінен өтуге болмайды.
5. Көлік жүретін көшені бойлап жүруге болмайды.
6. Егер жолдан өтуге үлгермесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдмасында» тоқта да бағдаршамның жасыл түсі жануын күт.
7. Жолдан бағдаршамның тек жасыл жанғанда ғана өт.
8. Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті.

Жаяу адамдардың міндеттері:

1. Жаяу жүргіншілерге арналған жол немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе велосипед жолымен жүруі тиіс.
2. Жолдан бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Көшеден өтпес бұрын алдымен сол жаққа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жаққа қарау керек.

Қаулы:

1. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар ескертіп отырсын
2. Ата аналар оқушылардың жолда жүру қауіпсіздігін қадағалау, және түсіндіріліп отыру


Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мектеп психологтары

Педагог ұйымдастырушы

Тәлімгер

Мектеп медбикесі



Тұрланова С


Исмагулова А

Махмутова С

Кузенбаева Г

Мұратова А




Нугурова А




Анықтама Дін-тәрбие діңгегі

Мектеп оқушыларының арасында діни ағымдардың, экстремизм мен терроризмнің алдын алу және оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында 9 сыныптарда «Дін – тәрбие діңгегі» тақырыбында Шапағат ҚҚ-ның теолог маманы Уразов Амангелді Қалдыбайұлының қатысуымен кездесу ұйымдастырылды.

Шара барысында сынып оқушылары сұрақтар қойып, ашық пікірлесу болды.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Турланова С.К.

Анықтама

2023 жылдың 18 қазан күні Ә.Жангелдин атындағы орта мектептің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, 8-сынып оқушыларын ашық есік күніне апарды. №4 Өрт сөндіру бекетінің ашық есік күні аясында «Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік» шара аясында төтенше жағдай қызметкерлерінің 1-күндік жұмыс күнімен танысып және сол төтеншеліктердің қалай жұмыс істеу барысымен танысты. Көздерімен көріп, заттарды қолдарымен ұстап және көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, өздеріне қажет деген ақпараттарын алды. Кейбір білім алушыларымыз болашақта осы мамандыққа түсуге дайындалатынын жеткізді.

Мектеп директоры:  А.А.Султанова





Анықтама

14.11.2023 жылы Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде Атырау қаласы Полиция Басқармасы №1 қалалық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесі ювеналды полиция тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Р.Кошқарова және аға лейтенанты Г.Ыбырайдың қатысуымен мектеп оқушыларымен жасөспірімдерге қарсы және жасөспірімдер жасайтын құқық бұзушылық әрекетінің алдын алу, жол көлік жарақаттануын болдырмау, нашакорлықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өткізілген іс-шараға мектеп оқушылары, мектеп әкімшілігі, мұғалімдері және мектеп психологтары қатысты.



Мектеп директоры *А.А. Султанова* А.А. Султанова



Анықтама

21.02.2024 жылы Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде Атырау қаласы Полиция Басқармасы №1 қалалық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесі ювеналды полиция тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Р.Кошкарлова және мектеп психологы Г.Кузенбеваның қатысуымен 8 «В» сынып оқушыларымен жасөспірімдерге қарсы және жасөспірімдер жасайтын құқық бұзушылық әрекетінің алдын алу, жол көлік жарақаттануын болдырмау, нашақорлықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Мектеп директоры:



А.Султанова

Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп КММ

Хаттама

28 қыркүйек 2023 жыл

Атырау қаласы білім бөлімінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі №06-02-11-08/2323 санды хатына сәйкес Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде 28 қыркүйек 2023 жылы сағат 11:00 де мұғалімдер мен, қызметкерлер, оқушыларға азаматтық қорғаныс бойынша оқу-жаттығу жиыны өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. **Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Қауіпті аймақ! Мекемені босатыңыздар!** - деп хабарланып, дабыл бойынша мектеп ғимаратынан мұғалімдер мен қызметкерлерді, оқушыларды қауіпсіз аймаққа шығу әрекеті ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Төтенше жағдайда іс-қимылдарын ұйымдастыру, апатты оқиғалар кезінде өзіне және өзгеге жәрдем көрсетудің қарапайым жолдарын үйрету.

Ә.Жангелдин атындағы орта мектепте мұғалімдер мен, қызметкерлер, оқушылардың өрт пайда болған кездегі немесе басқа келеңсіз жағдайларда сақтану әрекеттері іс жүзінде көрсету.

Қауіпсіз жерге барлығы 557 оқушы 34 мұғалім 9 қызметкерлер 3 минут уақыт ішінде эвакуацияланды (мектептің артындағы спорттық алаңға шоғырланды). Жедел топ қызметкерлері мектепке 4 минут уақытта келді және мектептің іші тексеріліп, барлық шара өзінің ережесімен тәртіп бойынша жүргізілді. Жаттығудың қорытындысы бойынша оқушылар, мұғалімдер, қызметкерлерге мектебіміздің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Есенбай Бекзаттың көмегімен өрт пайда болған кезде қалай қимылдау керектігі, өрт сөндіру құралдарын қалай қолдану керектігі, білім беру орындарында өртті болдырмау туралы қауіпсіздік ережелерінің талаптары түсіндірілді.

1,2,3 қабаттағы барлық мұғалімдер, оқушылар, техникалық қызметкер және асхана қызметкерлері мектеп ғимаратының артқы қосымша есіктері арқылы қауіпсіз аймаққа шығу іс-әрекеттері жасалынды. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30-наурыздағы №117 бұйрығы бойынша 2023 жылдың 28 қыркүйек күні сағат 11:00 де төтенше жағдайдың дабылы берілді. Дабыл бойынша оқу орындарында эвакуациялық іс-шара жүргізілді.

Қаулы етілді:

1. Төтенше жағдай туралы ережелерді терең меңгерту.
2. Төтенше жағдайдан сақтану туралы түсінік беру барысындағы сынып сағаттарын тұрақты өткізу.


Жиналыс төрайымы:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



А.А.Султанова

Т.Шаяхметова



Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп КММ

Хаттама

23 ақпан 2024 жыл

Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Атырау облысының төтенше жағдайлар департаментінің тапсырмасы бойынша Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде 23 ақпан 2024 жыл сағат 10:00 де мұғалімдер мен, қызметкерлер, оқушыларға азаматтық қорғаныс бойынша сейсмикалық жаттығу жиыны өткізілді.

Күн тәртібінде:

2. Сырттан дабыл дауысы естілген бойы мектеп ғимаратынан мұғалімдер мен қызметкерлерді, оқушыларды қауіпсіз аймаққа шығу әрекеті ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Сейсмикалық жағдайда іс-қимылдарын ұйымдастыру, апатты оқиғалар кезінде өзіне және өзгеге жәрдем көрсетудің қарапайым жолдарын үйрету.
Ә.Жангелдин атындағы орта мектепте мұғалімдер мен, қызметкерлер, оқушылардың сейсмикалық жағдай болған кездегі немесе басқа келеңсіз жағдайларда сақтану әрекеттері іс жүзінде көрсету.

Қауіпсіз жерге барлығы 407 оқушы 27 мұғалім 6 қызметкерлер эвакуацияланды (мектептің артындағы спорттық алаңға шоғырланды). Жаттығудың қорытындысы бойынша оқушылар, мұғалімдер, қызметкерлерге мектебіміздің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Есенбай Бекзаттың көмегімен сейсмикалық жағдай болған кезде қалай қимылдау керектігі туралы қауіпсіздік ережелерінің талаптары түсіндірілді.

1,2 қабаттағы барлық мұғалімдер, оқушылар, техникалық қызметкер және асхана қызметкерлері мектеп ғимаратының артқы қосымша есіктері арқылы қауіпсіз аймаққа шығу іс-әрекеттері жасалынды. 3 қабаттағы білім алушылар мен мұғалімдер сыныптарында калып, сейсмикалық жағдайдағы іс әрекет қимылдарын жасады

Қаулы етілді:

3. Сейсмикалық жағдай туралы ережелерді терең меңгерту.
4. Сейсмикалық жағдайдан сақтану туралы түсінік беру барысындағы сынып сағаттарын тұрақты өткізу.




Жиналыс төрайымы:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



А.А.Султанова

А.Жамбырова





Анықтама

Ә.Жангелдин орта мектебінде төтенше жағдайлардың алдын алу және олардан қорғану тақырыбы аясында мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Төтенше жағдайлар орталығынан арнайы мамандар қатысып, қыс мезгіліндегі мұз үстіндегі қауіпсіздік туралы, алғашқы көмек беру барысында жан-жақты түсінік берді.



Анықтама

12.03.2024ж. Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде "Есірткісіз болашақ" тақырыбында 9-10-11 сынып білім алушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында арнайы мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге, Атырау облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Полиция подполковнигі Джангалиева Марьяна Қазбекқызы сөз алды.

Есірткі трафигіне қарсы күрес мақсатында есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл шаралары дамуда, синтетикалық есірткілерді жеткізу арналарының жолын кесуге ерекше көңіл бөлінуде. Есірткі сатушылар бас бостандығынан айырудың нақты мерзімін алған кезде, олар бұл әрекетті түсінеді және өкінеді, бірақ ол кеш болады. Шара барысында есірткінің адам өміріне тигізетін зияны жөнінде оқушыларға бейнеролик көрсетілді. Мұндай зиянды әсердің алдын алу негізгі құралдарының бірі-отбасында балалар мен жастарды салауатты өмір салтын ұстану, спортпен шұғылдануға баулу. Мұндай шаралар есірткіні қолдануға жол бермейді және болашақ ұрпақтың денсаулығын қорғайды. Шара барысында есірткінің адам өміріне тигізетін зияны жөнінде оқушыларға бейнеролик көрсетілді.

Сонымен қатар арнайы кинолог мамандар келіп оқу жаттығу жүргізді.

Қатысушылар: Мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторы.

